«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К.
«13» қараша 2024 ж.

«ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ – ӨНЕРЛІ ҰРПАҚ»
ата-аналармен өткізілген өнер фестивалінің

Астана – 2024 ж.

«ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ – ӨНЕРЛІ ҰРПАҚ»
ата-аналармен өткізілген өнер фестивалінің

Іс-шараның тақырыбы: «Өнерлі отбасы – өнерлі ұрпақ»
Өткізілген орны: Балабақшаның музыка залы
Қатысушылар: Балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары, педагогтер және тәрбиеленушілер.
Мақсаты
Ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін танытуға мүмкіндік жасау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақша ынтымақтастығын нығайту.
Міндеттері

- Ата-аналардың өнерге деген қызығушылығын қолдау және шығармашылық әлеуетін ашу;
- Отбасылық өнер мен ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттау;
- Ата-аналар мен балалардың арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту;
- Балаларға үлкендердің өнерін үлгі ете отырып, эстетикалық тәрбие беру;
- Балабақша мен ата-аналар арасындағы серіктестікті дамыту.

Іс-шараның барысы
1. Кіріспе бөлім
Музыка әуенімен залға жүргізушілер шығады.
1-жүргізуші:
Армысыздар, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар, әріптестер және өнер сүйер қауым! Бүгінгі «Өнерлі отбасы – өнерлі ұрпақ» атты өнер фестиваліне қош келдіңіздер!
Өнер – адамның жан дүниесін байытатын, жүрекке жылулық сыйлайтын ерекше құндылық. Әр отбасында ән айтатын, би билейтін, өлең оқитын, қолөнермен айналысатын өнерлі жандар бар. Бүгін біз сол өнерлі ата-аналарымыздың шығармашылығына куә боламыз.
2-жүргізуші:
Бала үшін ата-ананың орны ерекше. Әке мен ананың өнері, таланты, шығармашылыққа деген құштарлығы балаға үлгі болады. Бүгінгі фестивальде ата-аналарымыз өз өнерлерін ортаға салып, бізге ерекше көңіл күй сыйлайды.
Ендеше, өнер мерекесін ашық деп жариялаймыз!
2. Негізгі бөлім
І кезең. «Әр отбасы – бір өнер»
Фестивальге қатысушы ата-аналар кезекпен сахнаға шақырылады. Әр қатысушы өз өнерін көрермендерге ұсынады.
Өнер көрсету бағыттары:

- Ән айту;

- Би билеу;
- Музыкалық аспапта ойнау;
- Өлең оқу немесе көркемсөз оқу;
- Көрініс қою;
- Қолөнер және басқа да шығармашылық өнер түрлері.

Жүргізушілер әр қатысушыны таныстырып, өнер көрсетулеріне сәттілік тілейді.

Жүргізуші:

Құрметті көрермендер, өнердің үлкен-кішісі болмайды. Ең бастысы – жүректен шыққан шынайы өнер мен оған деген сүйіспеншілік. Олай болса, алғашқы қатысушымызды қошеметпен қарсы алайық!

Ата-аналардың өнер көрсетуі.

Әр өнер көрсетілімінен кейін қатысушыларға қол шапалақтап, алғыс білдіріледі.

II кезең. «Өнерлі ата-ана – балаға үлгі»

Бұл кезеңде ата-аналар өздерінің шығармашылық қабілеттерін балалармен бөліседі. Қатысушылар балалармен бірге ән орындап, би билеп немесе шағын көрініс көрсетеді.

Жүргізуші:

Бала үшін ата-анасымен бірге өткізген әрбір сәт қымбат. Ал бірге ән айтып, би билеп, шығармашылықпен айналысу – ұмытылмас естелік. Бүгінгі ортақ өнерлеріңіз балаларыңыздың жүрегінде қуанышты сәт болып сақталсын!

Ата-аналар мен балалардың бірлескен өнер көрсетілімдері.

III кезең. «Өнер – отбасылық мұра»

Қатысушы ата-аналар өздерінің өнерге келу жолдары, отбасындағы шығармашылық дәстүрлері немесе балаларына үйретіп жүрген өнер түрлері туралы қысқаша әңгімелейді.

Бұл кезеңнің мақсаты – отбасындағы өнер мен тәрбиенің сабақтастығын көрсету, ұлттық құндылықтарды насихаттау және ата-аналардың тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік беру.

3. Қорытынды бөлім

Барлық қатысушылардың өнер көрсетілімдері аяқталғаннан кейін жүргізушілер фестивальді қорытындылайды.

1-жүргізуші:

Құрметті ата-аналар! Бүгін сіздер өз өнерлеріңізбен ортамызды нұрландырып, барша көрерменге ерекше көңіл күй сыйладыңыздар. Сахнада көрсеткен әр өнерлеріңіз – балаларыңызға деген сүйіспеншіліктеріңіздің, шығармашылық қабілеттеріңіздің көрінісі.

2-жүргізуші:

Бала тәрбиесі – ортақ міндет. Отбасы мен балабақша бірлесе әрекет еткенде ғана бала бойындағы қабілеттерді ашуға, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік туады. Бүгінгі фестиваль осы ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болды.

Барлық қатысушыларға белсенділіктері мен өнерлері үшін алғыс айтамыз!

Марапаттау рәсімі


Фестиваль соңында қатысушы ата-аналарға белсенді қатысқаны және шығармашылық өнер көрсеткені үшін алғыс хаттар табысталады.


Ұсынылатын номинациялар:


- «Өнерлі отбасы»;
- «Көрермен көзайымы»;
- «Әсем ән – жүрек үні»;
- «Би өнерінің шебері»;
- «Шығармашыл отбасы»;
- «Ұлттық өнерді дәріптеуші»;
- «Ерекше өнер көрсетілімі».


Қорытынды нәтиже:

Өнер фестивалі ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуіне мүмкіндік беріп, олардың балабақша өміріне қатысу белсенділігін арттырды. Ата-аналар өз өнерлерін ортаға салып, балаларға үлгі көрсетті. Іс-шара отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.









«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К._____
«17» қаңтар 2025 ж.

«Дарынды әжелер»
«Әжелер мектебі» жоспары

Астана – 2025 ж.

Ұйымдастырылған іс-шара: «Әжелер мектебі»
Топ: «Ақбота», «Аружан» мектепалды
Тәрбиешілер: Ағыбетова Р.Е. Усенова А.Б. Өсербай А.П.
Тақырыбы: «Дарынды әжелер»
Мерзімі: «17.01.25» ж.

Мақсаты: Біртұтас тәрбие аясында ұйымдастырылып отырған «Әжелер мектебі» негізге ала отырып болашақ ұрпаққа қазақ халқының құндылығын дәріптеу, ұлттық салт-дәстүр негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық қарым - қатынасты орнату, жас буынға үлгі көрсету, дарынды әжелеріміздің бойына сінген қазақи қасиеттерді көрсету. Жас буынды құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

"Асыл әжем, ақ әжем ақ жаулықты дана әжем" деген құрметпен ***«Дарынды әжелер»*** атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер дейміз. Ардақты да, аяулы да қымбатты ақ жаулықты әжелер «Қариясы бар - қазынасы бар» демекші, сіздердей қазыналарымыз аман болсын.

Отбасыларыңызға құт - береке, бірлік, дендеріңізге саулық тілейміз.

- Балалар қараңдаршы бүгін бізге қонаққа кімдер келіп отыр?
- Әжелер
- Иә, дұрыс балалар, әжелеріміз сендерге өнерлерін көрсетіп, бізің ұлттық құндылықтарымызды асқақтату үшін, сендермем бөлісу үшін келіп отыр.

Әжелеріміздің өнерін бірге тамашалайық

Күй тару.
Ән шашуы.
Ұлттық әшекей бұйымдарын көрсету.
Балаларға тәрбиелік мәні бар қанатты сөздер айту.

1. Мектепалды «Аружан» және «Ақбота» топтарының орындауында «Әжемнің шайы» әнін шырқап беруі.
2. Тақпақтар.

Әжем менің ақ әжем,
Аппақ әжем, ақ әжем.
Басқалардай емессіз,
Сүйкімдісіз ақ әжем.

Менің әжем – шежіре,
Көп ертегі біледі.
Сыртта жүрген кезінде,
Бізді ойлап жүреді.

Менің әжем сымбатты,
Әжем маған қымбатты.


Құрт пен майын жинайды,
Бізге оны сыйлайды.

Әжем мені «айым» дейді,
Мен мұңайсам ұайым жейді.
Анам мені «күнім» дейді,
Мен қуансам күлімдейді.


«Батаменен ел көгерер,
Жаңбырменен жер көгерер»
«Жақсы сөз, жарым ырыс» демекші, әжелеріміз бүлдіршіндерімізге өз баталарын берсін.

Құрметті біздің «Дарынды әжелеріміз» сіздердің өнерлеріңізді көріп балаларымыз тапсаным отыр. Сіздер жай ғана әже емес нағыз «Парасатты әже», «Өнерлі әже», «Шебер әже», «Дана әже» екендеріңізді тағы бір дәлелдедіңіздер. Әрқашан да аман жүріңіздер. Өнерлеріңіз өрге жүзсін. Сіздерге сәттілік тілейміз.
Қайырымды қасиетті
Ең ардақты ақ әжем
Әрбір сөзі өсиетті
Баға жетпес, бал әжем
Аман – есен жүріңізші
Бар тілегім сол әжем – дей отырып, алтын уақыттарыңызды бөліп, өз өнерлеріңізді ортаға салып, балаларымызға ұлттық құндылығымызды дәріптеп, көсетіп жатырсыздар, сіздерге үлкен рахмет айтамыз.
Тек қана амандықта, осындай мерекелік көңіл күйде жүріңіздер. Сау болыңыздар дейміз.


«Дарынды әжелер» әжелер мектебі











41
12
2
qarlygash_12


41
12
2
qarlygash_12

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Жарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К.
«29» қаңтар 2025 ж.

«Мамандығым мақтанышым»
«Әкелер мектебі» жоспары

Астана – 2025 ж.

1. Автор: Тоғжан Бауыржанқызы
2. Әкесі: Құнанбай ата
3. Анасы: Уразбекова Жанбота
4. Ұлдары
«Балауса» тобы - Жусупов Азамат Серікұлы, Абишов Арлан Хамитұлы.
«Балапан» тобы: Ажибеков Мәулен Адамбайұлы
«Үміт» тобы - Мусрепов Ғабит Қалдыбайұлы
«Балбөбек» тобы – Жусупов Мұхтар
5. Келіндері: Усенова Азира, Алиханова Ақдидар
5. Аққала: Агыбетова Рита

«Мамандығым мақтанышым»

Автордың сөзі: Ерте ерте ертеде ата мен әже және олардың бес ұлы болыпты. Әке-шешесі балаларына ең жақсы білім алуларына барлық мүмкіндік жасады. Әне-міне дегенше балалары да ер жетіп бір-бір мамандық иелері атанып, қалаға көшеді. Ата-анасы ауылда қалады. Аналары үй шаруашылығымен айналысса, ал әкелері қыста қыстауға барып, мал бағады. Бір күні балалары әке-шешесіне тосын сый жасап, бес ағайынды бауырлар, ауылға отбасымен барады. Үйде аналары ғана бар екен....

Ұлдары: Амансызба анашым?.

Анасы: Ой құлындарым сендерді көргеніме қуанып отырмын ғой. Амансыңдарма? Күндіз-түні сендердің амандықтарыңды тілеп отырамын, келгендерің қандай жақсы болды.

Келіндері: Анашым біз дастархан әзірлеп жіберейік.
(абыр-сабыр жүгіріп дастархан жасап, барлығы асқа отырады.)

Анасы: «Ағайын тату болса, ас көп» деген осы екен балаларым, сендердің татулықтарыңды көріп қуанып отырмын. Балаларым денсаулықтарың қалай, жұмыстарың қалай жүріп жатыр?

Арлан: - Анашым, өзіңіз білетіндей мен электр саласында жүрмін. Қазіргі таңда Астана қаласында ТОО «SELENA» мекемесінде электрик болып жұмыс жасап жүрмін. Мен өз мамандығыммен мақтанамын.

Азамат: - Ал, мен анашым дәнекерлеушімін. Астана қаласында ЖК «ЖасДәнекершілер» - мекемесінде дәнекерлеуші болып жұмыс істеймін. Бұл мамандық қазыргі таңда сұранысқа ие мамандықтардың бірі деп айта аламын.

Ғабит: - Анашым, «Сауда да береке бар» демекші, мен әкемнің малшаруашылығын жалғастырып жүрмін. Базарда ет өнімдерімізді, май, құрт, сүттерімізді сатып отбасылық табыс көзімізге айналдырып жүрген жайым бар.

Мәулен: «Тазалық – денсаулық кепілі» анашым. Әрқашан тазалықты ұстанып жүру керек бауырларым. Мен қаламыздың барлық медицина саласының тазалығын тексеріп бақылаймын.

Мұхтар: Ал, ана, мен сүт кенжеңіз қалада сантехник маманымын. Астана қаласында соғылып жатқан үлкен ғимараттардың барлығында сантехникалық жұмысын біз жасап жатырмыз десем болады.

Осы кезде кенеттен үйдің жарығы сөніп қалады. Бәрі абдырып шұлап кетеді. Осы кезде үлкен ұлы тұрып:

Арлан: Еш уайымдамаңдар, қазір, мен қарап көрейін. Әп-сәтте жөндеп тастаймын. Құрал-саймандарым өзіммен бірге.

Осы кезде (Жарықты жөндеп жатқанда, «Адай» күйі ойнап тұрады)

Арлан: Ал, анашым, бауырларым менікей еш алаңсыз отыра берейік.

Анасы: Жарайсың, ұлым. Өз мамандығыңның шебері екенсің, жұмысыңның жемісін көре бер - деп ризашылығын білдіреді.

Анасы: - Ал, ұлдарым сендер енді қыстаудағы әкелеріңе сәлем беріп қайтыңдар. Шаруашылығындағы жұмысына қол ұшын беріп келіңдер. (батасын беріп жолға шығарып салады)

Ұлдары: Жақсы анашым, біз әкемізге барып келейік, рахмет батаңызға. Жүріңдер бауырларым жарықта жолға шығайық.

(жолда келе жатып Арланның аяғы тайып құлайды, қолы бір ыдысқа тиеді)

Жаңғырық: Мынау асудан өту үшін «мақал-мәтелдер» айтып беріңдер.

1-і асу тапсырмасы:

Арлан: ал ендеше не тұрыс мақал-мәтелдерімізді айтып берейік.

«Балауса» тобы - Әкеге қарап-ұл өсер
Анаға қарап-қыз өсер
«Балапан» тобы - Әке жүрегі таудан үлкен
«Үміт»тобы - Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық.
«Балбөбек» тобы - Әкеден - ақыл, Анадан-мейір
«Балауса» тобы - Әке - асқар тау,
Ана - бауырындағы бұлақ –
Бала - жағасындағы құрақ.

Жаңғырық: Жарайсыңдар бұл асудан өттіңдер. Ал, жолдарың болсын, келесі асуданда сәтті өтуге тілектеспін, жолдарың болсын.

Маулен: Бауырларым қараңдаршы мында бір хат тұрғой. Хатты ашайын ішінде не жазылған екен: «Асық ату» шеберліктеріңді көрсетіңдер деп тұр ғой.

2-і асу тапсырмасы: Ұлдары өзара асық атысады. «Асық ату»

Жаңғырық: Жарайсыңдар екінші асуданда өттіңдер. Жолдарың болсын.

Музыка дыбысымен жебе ұшып түскендей дыбыс қосылады.

Мұхтар: Бауырларым мынау жебеғой, жебеде түйінделген шүберек байланған екен. Түйінді шешейік, ай қараңдар «Мерген екендіктеріңді көрсетіңдер» деп жазылып тұрғой.

3-і асу тапсырмасы: «Мерген сайысы»

Жаңғырық: Асудан асуға жақсы өтіп келе жатырсыңдар, сендерге тек сәттілік тілеймін.

Ғабит: Бауырларым қараңдарсай анау ағашта тұрған қазағымның қара домбырасы ғой. Қолымызға алайық

Осы кезде «Балбырауын» күй ойнай кетеді.

Ғабит: Тиектің орнында қағаз тұрғой, кәне ашып көрейін. «Музықалық қабілеттеріңді естігім келіп тұр» деп жазылып тұр ғой.

4-і асу тапсырмасы: (бірнеше күйдің дауысы естіледі. Қандай күй екендігін табу керек) тапқан күйдің атауын айтып береді.
1-күй «Балбырауын»
2-күй «Ерке сылқым»
3-күй «Адай»

Жаңғырық: Жарайсыңдар сендер асудан асуға өттіңдер. Жолдарың болсын

Осы кезде боран дауысы естіліп Аққала шығады.
(үнтаспадан боранның дауысы естіліп, боранмен ұшып Аққала кіреді)

Аққаламен кездесу
Аққала: Сіздер кімсіздер? Қайда бара жатырсызда?
Арлан: Біз ағайынды жігіттерміз. Қыстаудағы әкемізге бара жатырмыз.
Аққала: Ағалар сіздердің көмектеріңіз керек болып тұр. Шанамды сындырып алдым, жөндеп бере аласыздарма.

Азамат: Ой Аққала еш уайымдама. Мен дәнекерлеушімін ғой. Қазыр-ақ саған шанаңды жөндеп беремін.

<u>Осы кезде шананы жөндеп отырғанда «Балбырауын» күйі қосылып тұрады.</u>

Азамат: Мінекей Аққала шанаң дайын. Міне аққала саған сыйлығым бер. Мына кішкентатай темірден жасалған аққаланы саған сыйлаймын. Өз кколыммен темірді дәнекірлеп жасаған болатынмын.

Аққала: Рахмет сізге ағатай, өзім сияқты кішкентай аққаланың темірден жасалған түріп алғаш рет көріп тұрмын, өте әдемі екен, үлкен рахмет сізге маған қатты ұнады. Шанамда күшті болып қалды. Жолдарыңыз болсын. Менде жүре берейін.

Мұхтар: Бауырларым қараңдаршы қыстауғада жетіп қалыппыз, әкемді көріп тұрмы. Әкееее?! (дауыстап айғайлайды)

Ұлдары: Ассалаумағалейкум әке, амансызба?!

Әкесі: Уағалейкумассалам! Қош келдіңдер ұлдарым!

Мұхтар: Әке сізге көмектесейік деп келдік. Әке сіздің шаршағаныңызды басып төрт-түліктің атасы туралы өлең жолдарын оқып берейік.

Әкесі: Әп, бәрекелді, тыңдайын онда.

Азамат: Шопан ата

Шопан ата, асыл жан
Қой жайып, далада ән
Таң атып, күн батқанша,
Ерте кеште тірлікпен.
Қиындықты бірге көріп
Шаршаған жоқ, жалқаулық жоқ
Табиғатпен сырласып,
Қойларына көз тастап.
Даланың кең төсінде
Шопан атаның есімі
Қалай ұмытылсын,мәңгі
Құрметке лайық жөні бар.

Ғабит: – Сексек ата
Сексек ата-ешкінің
Қылыш мүйіз текесі ,
Бақырғанда есті үнін,
Қатпар тартар шекесі.
Сергек қарап маңына,
Момын қойды бастайды.
Бала келсе жанына
Кейде сүзіп тастайды

Маулен: –Қамбар ата
Қамбар ата — үйірдің
Азынаған айғыры.
Таңдап мінер жүйрігін,
Ер қанаты — байлығы.
Тұлғасы да келісті,
Аяғын сермер тік алып.
Аяңы есем желісті,
Жал-құйрығы шұбалып.

Мұхтар: –Зеңгі баба
Зеңгі баба — сиырдың
Мойны жуан бұқасы.
Шөбін жейді қиырдың,
Бойында май тұтасып.
Салыңқы кең әукесі,
Шүйкесі де білеудей.
Қайық тұмсық дәу төсі,

Аяғы шомбал тіреудей.

Арлан: – Ойсыл қара
Ойсыл қара жануар;
Нар інген,үлек,аруана-
Атың көп,бәрің де түйесің,бір есім
Әлсіздік,кірпияз ұғыммен күресіп
Шөптің ең сілтілі ащысын сылқытып
Тікенді қаттысын орып жеп жүресің.
Ботаңды ойласаң желініңді сүт кернеп
Аңырап даланы басыңа түресің.

Әкесі: Ой қандай тамаша. Шаршағанымды ұмытып келттім.

Ұлдары: - Әке шаруашылық еш қайда қашпайды. Жүріңіз бізбен ауылға барыңыз. Анамыз бен келініңіз дастархан жайып күтіп отыр.
Әкесі: жарайды, онда шананы атқа жегіңдер.

Автор: Осылайша әкесі мен балалары атшанамен ауылға келеді. Үйге келсе анасы мен келіндері дастарханды жайып күтіп отыр екен. Дастархан басына үлкен отбасы болып улап шулап отырады.

Әкесі: - Ұлдарым, «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» - деген қазақта жақсы сөз бар. Ас қайырып дастарханға бата беріңдер.

Арлан:
Асың,асың,асыңа,
Бақыт қонсын басыңа
Таң мезгілі болғанда
Қырғауылдай қорғалап
Бөденедей жорғалап,
Қызыр келсін қасыңа
Дастарханың мол болсын
Денсаулығың зор болсын
Қайда барсаң алдыңнан
Жарқыраған жол болсын
Армандарың алдыңнан
Саған шығып қол берсін.
Дұшпаның саған құл болсын
Үйің толған ұл болсын
Жүрегің толған нұр болсын. «Әумин»

Ғабит:
«Әумин» десең маған
Бата берейін саған
Қабыл болсын тобаң
Қолтығыңнан демесін
Қыдыр бабам!
Уа,дәм ішкендер терлесін,
Маңыңа дұшпан келмесін!
Тәңірім берген несібең
Күннен күнге өрлесін
Талабыңды жүргізіп
Тәңірім өзі оңдасын.

Мұхтар:
Уа, жаратқан ием құдірет
Тілегімді қабыл ет!
Иманымды кәміл ет!
Астарыңыз дәмді боп,
Көңілдеріңіз жайлансын!
Сіңімді болып асыңыз,
Ұрттарыңыз майлансын!
Шаңыраққа құт еніп,
Қиындықтар болмасын!

Бақ-береке бір келіп,
Қуаныш тапсын жалғасын!
Өмірлеріңіз жайлы боп,
Қанаттарыңыз талмасын!
Алла өзі жар болып,
Бар жақсылық орнасын!
Шырайлы, шаттық күнің боп,
Сәттілік тапсын жалғасын!
Дендерің сау, аман боп,
Ару-сырқау болмасын!
Әрбір үйді әрдайым,
Жаратқан ием қолдасын!
Әумин!

Мәулен:
«Әумин»десең маған
Құдай берсін саған
Оң жағыңа қарасаң

Алтыннана терек орнасын
Сол жағыңа қарасаң
Күміс терек орнасын
Еш жамандық болмасын
Аман болсын мал басың
Қыдыр болсын жолдасың
Дастархан байлығын берсін
Деніңнің саулығын берсін

Азамат:
А,Құдайым бақ берсін
Не берседе нақ берсін
Қырда жүрген қызырды
Үйлеріңе ап келсін
Әуелі құдай оңдасын
Әулиелер қолдасын
Малыңменен басыңа
Еш жамандық болмасын
Несібең артып күн сайын,
Өзегің ешбір талмасын.
Иа жаратқан құдырет,
Жарылқаудың қамын ет.
Қайырлы ғұмыр кешуді,
Ұрпақтарға нәсіп ет.
Ықыласпен тілеген,
Тілекті Алла, қабыл ет!

Әкесі: - Жарайсыңдар, ұлдарым. Ал енді менде сендерге батамды берейін, қолдарыңды жайыңдар.


Мәулен: ал бауырларым, бір бас қосып жиналғанда, қазағымыздың қаражорғасын билейік.


Би: «Қаражорға»


Әкесі: Ал, мінекей ұлдарым сендерің жеткен жетістіктеріңді көріп анаң екеуміз төбеміз көкке жетіп өтыр. Отан алдында адал қызмет етіп жүргендеріңе мақтанамыз. Жарайсыңдар.


«Төртеу түгел болса, төбелегі келеді,

Алтау ала болса ауыздағы кетеді» - демекші әрдайым осылай татулықта, ауызбіршілікте, амандыққта, саулықта болайық.




64
21
5
qarlygash_12


64
21
5
qarlygash_12


12
qarlygash_12

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ә.К. _____
«15» ақпан 2025 ж.

«ӘКЕЛЕРМЕН ҚАР ДЕСАНТЫ»

Астана – 2025 ж.

«ӘКЕЛЕРМЕН ҚАР ДЕСАНТЫ»
атты отбасылық-еңбек іс-шарасының әзірлемесі

Іс-шараның тақырыбы: «Әкелермен қар десанты»
Өткізілген орны: Балабақша ауласы
Өткізілген уақыты: 15 ақпан 2025 ж.
Қатысушылар: Балабақша тәрбиеленушілерінің әкелері, балалар және педагогтер.
Мақсаты:
Әкелерді балабақшаның қоғамдық жұмыстарына тарту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қыс мезгілінде балабақша аумағын қардан тазарту және қардан түрлі мүсіндер жасау арқылы балаларға еңбекқорлық пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсету.
Міндеттері:

- Балабақша аумағының тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосу;
- Әкелердің бала тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру;
- Балаларды бірлескен еңбекке баулу, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Қардан түрлі мүсіндер жасау арқылы балалардың шығармашылығы мен қиялын дамыту;
- Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайту.

Іс-шараның барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Қыс мезгілінде балабақша ауласында «Әкелермен қар десанты» атты бірлескен еңбек іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – балабақша аумағын қардан тазарту, серуен алаңдарын ретке келтіру және балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау.
Тәрбиешілер қатысушыларды қарсы алып, іс-шараның мақсаты мен міндеттерін таныстырды.
2. Негізгі бөлім
«Таза аула – ортақ міндет»
Әкелер балабақша ауласындағы қарды тазалап, балалардың қауіпсіз жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасауға атсалысты. Жиналған қар арнайы орындарға үйіліп, аула аумағы ретке келтірілді.
«Қардан жасалған ғажайыптар»
Аула тазалау жұмыстары аяқталған соң әкелер балалармен бірге қардан түрлі мүсіндер жасады. Қатысушылар қардан жануарлардың, ертегі кейіпкерлерінің және басқа да қызықты бейнелердің мүсіндерін жасап, оларды безендірді.
Бірлескен шығармашылық жұмыс барысында әкелер балаларға қолдау көрсетіп, олардың қиялын дамытуға және өз идеяларын жүзеге асыруға көмектесті.

«Әкеммен бірге еңбек етемін»

Балалар әкелерімен бірге еңбек етудің қуанышын сезініп, ортақ іске өз үлестерін қосты. Іс-шара барысында өзара көмек, жауапкершілік, ұйымшылдық және отбасылық бірлік құндылықтары насихатталды.

3. Қорытынды бөлім

Іс-шара соңында қатысушыларға алғыс айтылып, әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуының маңыздылығы атап өтілді. Бірлескен еңбектің нәтижесінде балабақша ауласы қардан тазартылып, қысқы мүсіндермен көріктендірілді.


Күтілетін нәтиже:


- Балабақша аумағы қардан тазартылып, ретке келтірілді;
- Қардан түрлі сәндік мүсіндер жасалды;
- Балалардың еңбекке және шығармашылыққа қызығушылығы артты;
- Әкелердің балабақша өміріне қатысу белсенділігі күшейді;
- Ата-ана мен педагог арасындағы ынтымақтастық нығайды.

Қорытынды

«Әкелермен қар десанты» іс-шарасы – әкелердің белсенділігін арттыруға, балаларға еңбектің маңызын көрсетуге және балабақша ауласын көркейтуге бағытталған игі бастама. Бірлескен еңбек арқылы әкелер балаларға үлгі көрсетіп, балабақша өміріне өз үлестерін қосты.









«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МҚБК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К. _____
«19» наурыз 2025 ж.

Қош келдің, Әз Наурыз!

Астана – 2025 ж.

Қош келдің, Әз Наурыз!

Мақсаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн – Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Осыншама жақсылық,
Алып келдің Наурызым!
Төрлет бізге нұр болып,
Шуақ шашып нұр жүзің!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Сәлеметсіздерме құрметті ата –аналар, балабақша ұжымы.
Ескі жылмен реніш, өкпе кетсін дегендей, жаңа жыл құтты болсын!
Наурыз тек қана жақсылығын, жаңа жаңалығын әкелсін. Ақ мол болсын, халық тоқ болсын! Наурыз жыл басы. Наурыздың 21-22 –не қараған түні күн менен түн теңеледі екен. Міне сол күні ағаш үйлер тігіліп, қой сойылып ошаққа қазан қойып, тәтті бауырсақ пісіріліп ұлан-асыр той жасаймыз. Адамдар бір-бірімен көрісіп амал, жаңа-жыл құтты болсын деп бір-біріне ізгі жақсы тілек білдіреді.

Жүргізуші:: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды Наурыз әнімен ашқымыз келіп отыр

ӘН: «Наурыз әні»

Жүргізуші: Балалар Наурыз мейрамын қазақ халқы ерекше атап өтеді. Наурызда ұлттық тағамдар, ұлттық аспаптар, ұлттық билер, ұлттық ойындар, ұлттық салт-дәстүрлеріміз орындалады екен.
Олай болса қане біз ұлттық ойынымызды ойнап жіберейік.

Ойын: «Қазақша күрес»

Жүргізуші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге балаларымыздың «Айтыс» өнерін тамашалаңыздар.

Айтыс:

Аян:
Ата-баба дәстүрін
Үйренуден қашпаймыз
«Айтыс» десе сәнденіп
Қыздар іздей бастаймыз
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

Медина:
Біржан болып сен келсең
Ақын Сараң мен болам
Сәйгүлік болып сен шапсаң
Аққу құсың мен болам
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

А.Адам:
Біздің топтың ұлдары
Шеттерінен ақылды –ақ
Жұмбақ, тақпақ бұл тойға
Айтып берер тақылдап
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

І.Айша:
Үй жабдығын бұл тойға
Біздің қыздар сәнденді
Қонақ күтіп, ән салды
Ұлдарынан кем бе еді
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

Әли:
Түрлендіріп қамшы өрсем
Қыздарың таң қалады
Күмбірлетіп күй шертсем
Мұнда думан болады
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

Інжу
Мақтандың ғой жігітім
Өнеріңді көрейік
Көрсет сәнді қамшыңды
Біздер баға берейік
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

Жансүгір:
Қоштасайық халықпен

Ақындарын пір тұтқан
Сөз өнерің шөлдегенде
Рахаттана бір жұтқан
Хайләйлім, хәйлім, хәйләйләм – ай

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Өнерлі екенсіңдер.

Жүргізуші: Балалар ауылдан Әжемеіз келе жатыр екен кәне қармы алайық.

Әже кіреді.

Амансыңдарма немерелерім
Амансыңдарма!
Наурыз мейрамдарың құтты болсын.
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Сендерді Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтап ауылдан келіп қалдым. Сендерге шашу шашайын.

Жүргізуші: Әже қош келдіңіз сізгеде Наурыз құтты болсын, алыс жолдан шаршаған боларсыз, кішкене отырып деп алып алыңыз. Ал біздің биші қыздарымыз сіөзге өз өнерлерін көрсетсін.

БИ: «Аққу»

Келіншек:Сырттан кіреді нәрестесімен.
Әже сәлеметсізбе, сізді ауылдан келді деп естіп, сізге асыға келдім. Осындай ұлы күні мен бөпемді бесікке саллғызып алсам деп едім сізге.

Жүргізуші:
Қасиет еткен халқымыз,
Жаңғыртар дәстүр салтымыз
Сән салтымен ел көрікті
Салт дәстүрді сыйлау үлкеннің міндеті

Әже: Әрине қазақ халқының дәстүрінің бірі «Бесікке салу». Бессікте нәрестенің ұйқысы тыныш болады. (Қасына жақындап немере қыздары отырып қарайды) Әже бесікті жабдықтайды, әже түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді. Және Бесік жыры айтылады:

Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.

Салт-дәстүр: «Бесікке салу»

Жүргізуші: Тамаша жарайсыз әже дәстүрімізді сақтап, нәрестемізді бесікке салып бердіңіз, бөпеміз тәтті ұйқыда жатқанда біздің ұлдарымызда өз өнерлерін ортаға салсын.

Наурыз шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз
Ән саламыз бәріміз
Би билейміз бәріміз

БИ: «**Қамшы**»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.
Қазақ халқының өнері өте көпқой.
Балалар сендер қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер?

Балалар: домбыра, қобыз, сыбызғы , сылдырмақ, тұяқ.жетіген, сасырнай т.б.

Жүргізуші:
Наурыз тойға арнаған,
Балалардан тарту бар.
Тамсандырып баршаны
Оркестрде ойнасын
Біздің өнерлі балалар!

Оркестор:

Жүргізуші: Қандай өнерлі біздің балаларымыз. Тағыда бір ұлттық ойын ойнап жіберейік балалар.

Ойын: «Қыз қуу»

Жүргізуші: Қандай керемет ойын болды. Біздің ұлдарымыз мықты екен.

Ал ендеше не тұрыс бәріміз ортаға шығып би билейік.

БИ: «Қара жорға»

Жүргізуші:
Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Бәле – жәле жерге енсін

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Наурыз береке – бірлік әкелсін! Ал енді құрметті қонақтар біздің «**ҚҰРМАНҒАЗЫ**» ауылының қадірді қонағы болыңыздар жүріңіздер, барлықтарыңызды ақ дастарханымызға шақырамын.



